

Жаңаталап ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 тамызда № 5926 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” 2001 жылғы 23 қаңтардағы, “Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаталап ауылының атауы жоқ көшеге "Дайрабай Бекбергеновтің" есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаталап ауылдық округінің әкімі

Қ.Абдикалыков